## ҚР Еңбек кодексі
## 32-бап. Еңбек шартын жасау үшін қажетті құжаттар

1. Еңбек шартын жасау үшін мынадай құжаттар:
1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін туу туралы куәлік) қажет.
Қандастар жергілікті атқарушы органдар берген қандас куәлігін ұсынады;
2) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін) не босқын куәлігі;
3) тиісті білімді, машық пен дағдыны талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;
4) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
5) алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осындай куәландырудан өтуге міндетті адамдар үшін) қажет.
2. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласында еңбек шартын жасасу үшін адам: адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы сияқты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.
3. Азаматтық қызметке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.
4. Жұмыскер қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шартын басқа жұмыс берушімен жасасу үшін негізгі жұмыс орны бойынша еңбектің сипаты мен шарттары (жұмыс орны, лауазымы, еңбек жағдайлары) туралы анықтама ұсынады.
5. Мемлекеттік органның шетелдік жұмыскерлері тартылған кезде еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен шетелдік жұмыскерлерді тарту тәртібіне сәйкес айқындалады.
6. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс беруші осы бапта көзделмеген құжаттарды талап етуге құқылы емес.
7. Құжаттардың төлнұсқаларын жұмыс берушіде сақтауға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген рәсімдерді орындау үшін уақытша қалдыруға жұмыскер келіскен жағдайда, жұмыс беруші жұмыскерге құжаттарды қайтару туралы жазбаша міндеттеме береді.
Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.05.2020 № 321-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13.05.2020 № 327-VI ("Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" ҚР Кодексіне (Салық кодексі) тиісті өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен кейін қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 393-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 35)** тармақшасына:еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

**«БЕКІТЕМІН»**
балабақша меңгерушісі
__________ А.Ж. Нуркабылова
«_____»___________ 2022 ж.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 86 "Зияткер" балабақшасы" МКҚК-ныңпедагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының

**ЕРЕЖЕСІ**

*Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығының негізінде жасалынды*

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 86 "Зияткер" балабақшасы" МКҚК-ның( ары қарай № 86 «Зияткер» балабақшасы) педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 35) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, № 86 «Зияткер» балабақшасыныңпедагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

**2-тарау. № 86 «Зияткер» балабақшасыныңпедагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі**

1. № 86 «Зияткер» балабақшасыныңпедагогінің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын № 86 «Зияткер» балабақшасыұйымдастырады.
2. Конкурсқа Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және осы Қағидалардың 107-тармағында көрсетілген тізім бойынша құжаттарды ұсынған педагогтер қатысады.

3. Конкурс аптасына 24 сағат 1 лауазымдық жүктемесі бар педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына өткізіледі.
4. Бос лауазымдар болған жағдайда әрбір педагогтің жүктемесі бір жарым жүктемеден аспауы тиіс.
5. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:
6. тиісті деңгейдегі № 86 «Зияткер» балабақшасыныңИнтернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
7. конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру;
8. конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;
9. кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау;
10. конкурстық комиссияның қорытынды отырысы.

11. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:
12. орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген бос және (немесе) уақытша бос лауазымы (сағаты) бар № 86 «Зияткер» балабақшасыныңатауы;
13. негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген бос және (немесе) уақытша бос лауазымның атауы;
14. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары;
15. құжаттарды қабылдау мерзімі Конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі;
16. қажетті құжаттар тізбесі;
17. уақытша бос лауазымға конкурс өткізу кезінде педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі.
18. Конкурсты өткізу мерзімі және конкурстық комиссияның құрамы № 86 «Зияткер» балабақшасыныңбұйрығымен айқындалады.
19. Конкурстық комиссия кемінде комиссияның бес мүшесінен, оның ішінде комиссия мүшелерінің арасынан сайланатын төрағадан тұратын алқалы орган болып табылады. Конкурстық комиссия құрамына № 86 «Зияткер» балабақшасыныңәкімшілігінің өкілдері, тиісті деңгейдегі әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) немесе білім беру ұйымының, азаматтық қоғамның әдіскерлері, аудандық (қалалық) білім бөлімінің мамандары, педагогтер кіреді.
20. Конкурстық комиссияның құрамына олармен келісім бойынша басқа білім беру ұйымдарының өкілдерін енгізуге рұқсат етіледі.
21. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырыстарын ұйымдастырады, оның мүшесі болып табылмайды.
22. Конкурстық комиссияның қатыспаған мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.
23. Конкурстық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда конкурстық комиссияның құрамы қайта қаралады.
24. Конкурстық комиссияның құрамын өзгерту № 86 «Зияткер» балабақшасыныңбасшысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

25. Конкурстық комиссияның отырыстары төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қойған хаттамамен ресімделеді.
26. Конкурстық комиссияның отырысы, егер оған комиссияның жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысса, өтті деп, ал оның шешімі заңды деп есептеледі.
27. Конкурстық комиссияның отырыстары аудио-бейне жазбамен сүйемелденеді. Аудио-бейне жазбалар білім беру ұйымдарында бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақталады.
28. Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.
29. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:
30. осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
31. жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
32. кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
33. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
34. еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
35. "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
36. психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
37. наркологиялық ұйымнан анықтама;
38. Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).
39. 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.
40. Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.
41. Осы Қағидалардың 107-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.
42. № 86 «Зияткер» балабақшасыныңкандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жібереді.

43. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтер анықталған жағдайда, педагог конкурстың кез келген кезеңінде шеттетіледі.
44. Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізеді.
45. Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеуді жүзеге асырады.
46. Конкурс қорытындылары бойынша шешімді конкурстық комиссия жинаған балл негізінде қабылдайды.
47. Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өтті деп есептеледі және № 86 «Зияткер» балабақшасыныңбірінші басшысына тағайындауға ұсынылады.
48. Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешім қабылдайды, нәтижесі бойынша қызметке тағайындауға кандидат айқындалады.
49. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін баяндайды, комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.
50. Конкурстық комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қояды.
51. Әңгімелесуге қатысқан, бірақ тағайындауға ұсынылмаған кандидаттарды конкурстық комиссия кадр резервіне қоюды ұсынады.
52. Кадр резервінде болу мерзімі кадр резервіне алынған күннен бастап бір жылды құрайды.
53. Кадр резервіне енгізілген кандидаттар конкурс жарияланған кезде конкурстық комиссиямен әңгімелесу кезеңінен өтеді.
54. Конкурстың нәтижелері мемлекеттік білім беру ұйымының Интернет-ресурсында, конкурстың соңғы отырысы өткізілген күні ұйымның әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланады.
55. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін немесе комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен № 86 «Зияткер» балабақшасыныңбасшысы еңбек шартын жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.
56. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидат еңбек шартын жасасудан бас тартқан жағдайда, № 86 «Зияткер» балабақшасыныңконкурстық комиссия кадр резервіне ұсынған немесе қабылдауға ұсынылған педагогтен кейін ең жоғары балл жинаған кандидатпен еңбек шартын жасасады.
57. Егер конкурс нәтижесінде комиссия бос лауазымға орналасуға кандидаттарды анықтамаса, конкурс өткізілмеді деп танылады.
58. Кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен танысады.
59. Оқу жылының басында бос лауазымға тиісті кандидат айқындалмаған жағдайда, оқу жылы ішінде бос жүктемелер № 86 «Зияткер» балабақшасыныңпедагогтері арасында бөлінеді және (немесе) уақытша педагог және (немесе) қос қызмет атқаратын педагог қабылданады.

60. Кандидаттар конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкес шағым береді.
61. Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссия шешіміне жоғары тұрған органның апелляциялық комиссиясына немесе сот тәртібімен шағым жасайды.
62. Педагогті лауазымынан босату Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 49-бабында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.
63. № 86 «Зияткер» балабақшасыныңпедагогтерін босатуды білім беру ұйымы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімімен келісе отырып жүзеге асырады.

«БЕКІТЕМІН»
балабақша меңгерушісі
__________ А. Ж. Нуркабылова
«_____»___________ 202__ж.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларымен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекітутуралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы

**Педагогтерді лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қызметінің**
**Іс-шара жоспары**

| р/с | Мазмұны |
|---|---|
| 1 | НҚА танысу( 57бұйрық)<br>Білімзаңы ( 5 бабы, 35 тармақшасы |
| 2 | Педагогтерді лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының ЕРЕЖЕСІ |
| 3 | Педагогтың бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсынөткізу, ұйымдастыру |
| 4 | Босаған педагогтіңбосжәне (немесе) уақытшабослауазымынасұранысдайындау ( шаблон) |
| 5 | Конкурсты ұйымдастыру тәртібін балабақшаның Интернет-ресурсында<br>Конкурс өткізу туралы мәліметтерді қамти отырып ақпаратты хабарландыру түрінде жариялау |
| 6 | Конкурстыөткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру |
| 7 | Педагогтың бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын өткізуі **Қызмет көрсету бұрышы** |
| 8 | Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамның хабарландыруда көрсетілген құжаттары |
| 9 | Конкурстық комиссияның құрамына олар мен келісім бойынша басқа білім беру ұйымдарының өкілдерін енгізу және жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтерді анықтау |

| | |
|---|---|
| 10 | Конкурстық комиссияның отырыстарын ұйымдастыру және қорытынды нәтижелерінің хаттамасы |
| 11 | Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы |
| 12 | Конкурстық комиссияның отырыстарының аудио-бейне жазбалары |
| 13 | Балабақшаның педагогтерін босатуды Білім басқармасымен келісе отырып жүзеге асыру |

№ 86 «Зияткер» балабақшасының

меңгерушісі А. Ж. Нуркабыловаға

әдіскер ____________________-дан

Сұраныс

Айы:___________________

Күні:___________________

Лауазым атауы:__________________________________________________________

Жүктемесі: ____________________________________________________________

Еңбекке ақы төлеу
мөлшері:________________________________________________________

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 86 "Зияткер" балабақшасы" МКҚК-ның педагогтерін лауазымға тағайындау конкурсы**

**ХАБАРЛАНДЫРУЫ**

**Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е 12 көшесі 4 ғимаратта орналасқан Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 86 "Зияткер" балабақшасы" МКҚК-нына 1,125 жүктемемен тәрбиешінің 8 (сегіз) бос лауазымына конкурс жарияланады!**

электронды пошта: ziyatker.86@bk.ru

телефон номері: +7 (7172) 40–35–46

1. Құжаттарды қабылдау мерзімі 2022 жылдың 02 наурызынан бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі;
2. Қажетті құжаттар тізбесі:
   1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш:

________________________________________________________________

кандидаттың Т.А.Ә. (болғанжағдайда), ЖСН

________________________________________________________________

(лауазымы, жұмысорны)

________________________________________________________________

Нақты тұратын жері, тіркелген мекен жайы, байланыс телефоны

# Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын (керегінің астын сызукерек)

____________________________________________________________

Білім беру ұйымдарының атауы, мекен жайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

____________________________________________________________

лауазымы, ұйымныңатауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқуорнынан кейінгі

| Оқуорныныңатауы | Оқукезеңі | Дипломбойыншамамандығы |
|---|---|---|
| | | |

Біліктіліксанатыныңболуы (берген (растаған) күні):____________________________

Педагогикалықжұмысөтілі:_______________________________________

Келесіжұмыснәтижелерімбар:_____________________________________

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылымидәрежесі, ғылымиатағы, сондай-аққосымшамәліметтері (болғанжағдайда)

____________________________________________________________

1) 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
2) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы *(нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);*
3) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
6) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
7) наркологиялық ұйымнан анықтама;
8) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).

9) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.( қабылданатын кезде)

10) Уақытша бос лауазымға конкурс өткізу кезінде педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі.

ҚОЛХАТ

Нысан

Құжаттарды қабылдау туралы қолхат (қағаз түрінде берілген жағдайда)

________________________________________________________________________

/көрсетілетін қызметті алушының Т. А. Ә. (болған жағдайда) көрсету

________________________________________________________________________

/көрсетілетін қызметті берушінің атауын көрсету/

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау конкурсына қатысу

үшін қабылданған құжаттардың тізбесі

керегінің астын сызу керек

1.________________________________________________________________

2.________________________________________________________________

3.________________________________________________________________

Қабылдады:____________________________________"__"_____20__жыл

____________________________________________________________________

(Орындаушының Т. А. Ә. (болған жағдайда) (қолы, байланыс телефоны)

Лауазымдық нұсқаулығы

Мектепке дейінгі тәрбиеші

17. Лауазымдық міндеттері: Балалардың денсаулығын сақтау мен қорғау қызметін қамтамасыз етеді: оларды оқыту мен тәрбие беруде денсаулық сақтайтын технологияларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-дамытушылық ортанын қалыптастырады, балалардың шығармашылығына (ойындық, танымдық, қозғалыс, көркемөнер, еңбекке баулу) жетекшілік етеді.

Балалармен жұмыс істеу кезінде жекелей және бағыттық әдісін іске асырады.

Дамуында ауытқу байқалатын балалармен түзеу қызметі саласында еңбек ететін мамандармен бірлесе жұмыс жасайды, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде және топтағы балалардың жеке талаптарын ескере отырып тәрбие-білім беру жұмыстарын жоспарлайды.

Тәрбиелеу мен оқыту қызметін қол жеткен жетістіктерді қорытындылай отырып жоспарлайды.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен қалыпты жағдайда дамып келе жатқан балалардың мектеп жасына жеткенде мүмкіндіктерінің тең дәрежеде болуын қамтамасыз ету үшін бірге тәрбиелеу және оқыту арқылы оларды әлеуметтендіруді жүзеге асырады.

Мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі әрбір баламен жеке жұмыс жүргізеді.

Отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жаңа бағыттарын зерделеумен және оны жұмыс барысында қолданумен шұғылданады.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту барысында ата-аналарға консультативтік көмек беруді іске асырады. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

18. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

психология және педагогика, алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын, санитарлық ережелерді;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық құжаттарын.

19. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе басқа кәсіптік білім немесе қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын құжат немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-модератор және педагог-сарапшы үшін мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 3 жыл, педагог-шебер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Біліктілігі орта деңгейлі болған жағдайда мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі лауазымында жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 4 жыл.

20. Тиісті санатты алу үшін жауапкершілікті анықтайтын біліктілік талаптары:

1) "педагог" (санаты жоқ):

педагогке қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуі керек:

Үлгілік бағдарламаның мазмұны мен құрылымын білу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдіснамасын білу;

жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мен оқытуға жеке көзқарас жүргізу;

бірлескен пресипетивалық жоспар мен циклограмма жасау;

оқушылардың білім, білік және дағдыларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты деңгейінен төмен болмауын қамтамасыз ету;

ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен қарым-қатынас жасау;

әдістемелік жұмыстарға қатысуға; балалардың дамуын диагностикалау; білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгереді, сандық білім беру ресурстарын қолданады.

2) "педагог-модератор": "педагог" (санатыжоқ) санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі керек:

Стандартта қарастырылған балалардың білім,бейім және дағдыларды алуын қамтамасыз ету,

Мектепке дейінгітәрбие мен оқытудың әдіснамасын білу және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуге жеке көзқарас енгізу,

Перспективалық жоспар мен циклограмма жасау,

Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану,

аудандық, әдістемелікбірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардыңжұмысынақатысу,

өзінің кәсіби біліктілігін арттыру, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибе жинақтау,

білім беру ұйымдары деңгейінде тәжірибені кеңейту,

білім беру ұйымдары деңгейінде байқаулар мен жарыстарға қатысушылары болуы қажет.

3) "педагог-сарапшы": "педагог-модератор" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс:

Стандартта көрсетілген тәрбиеленушілердің білім, бейім және дағдыналуын қамтамасыз ету,

Перспективалық жоспар және циклограмма әзірлеу,

балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажет балаларды, диагностикалаутетігінмеңгеру,

балалардың зерттеу дағдыларын дамыту,

балалардың аудандық, қалалық, конкурстарға қатысуын жүзеге асыру,

әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың қызметіне қатысу, өзінің кәсіби біліктілігінарттыру,

ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау дағдысын меңгеру,

тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтау, білім беру ұйымы деңгейінде жеке және әріптестерін, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау, аудан/қаладеңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы.

4) "педагог – зерттеуші": "педагог-сарапшы" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс:

аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың қызметіне қатысу;

балалардың зерттеу дағдыларын дамыту;

балалардың қалалық, облыстық конкурстарға қатысуын жүзеге асыру;

тәлімгерлікті тәжірибе енгізу;

көпшілік алдында сөз сөйлеу және аудиториямен қарым қатынас жасау дағдыларын меңгеру;

мектепкедейінгіжастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану;

аудан,қала деңгейінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мәселелері бойынша әдістемелік әзірлемелердің болуы;

сабақтарды зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру, тәрбиеленушілердің зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету, тәлімгерлікті жүзеге асыру және аудан, қала деңгейінде Педагогикалық қоғамдастықтағы даму стратегиясын конструктивті анықтау, облыс/республикалық маңызы бар және елорда қалалар деңгейінде тәжірибені жинақтау;

облыс/республикалық маңызы бар және елорда қалалар деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы.

5) "педагог-шебер": "педагог-зерттеуші" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруітиіс: облыстық және республикалық немесе халықаралық деңгейдегі семинарларға, конкурстар мен конференциялларғақатысу,

Оқу бағдарламаларын, тәрбиелеу және оқыту әдістемелерін әзірлеу бейімі мен дағдыларын меңгеру;

Балалардың қалалық, облыстық, республикалық конкурстарға қатысуын жүзеге асыру,

Тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау, республикалық және халықаралық конкурстардың қатысушысы болып табылады немесе республикалық және

| | |
|---|---|
| **НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№ 86 «ЗИЯТКЕР» БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫН** | **ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-САД №86 «ЗИЯТКЕР» АКИМАТА ГОРОДА НУР-СУЛТАН** |
| Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы<br>Е 12 көшесі, 4 ғим.тел:+7(7172) 40-35-46 | Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль,<br>Ул. Е 12, зд.4тел:+7(7172) 40-35-46 |

халықаралық конкурстарға қатысушыларды даярлау

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«_____»_______ 202_ ж. № _____

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

**Педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын ұйымдастыру тәртібі туралы**

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығын орындау мақсатында **«БҰЙЫРАМЫН»:**

1. Педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымы болған жағдайда тағайындау конкурсының іс-шара жоспары бекітілсін;

2. Әр айдың педагогтердің еңбекақы табелімен бірге , келесі айға педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымы болған жағдайда әдіскерлер А.Б. Мажитова мен С.М.Атакбаева сұраныс дайындасын;
3. Конкурсқа Қағидалардың 107-тармағында көрсетілген тізім бойынша құжаттарды ұсынған педагогтер қатыстырылсын;
4. Конкурсөткізу туралы хабарландыру өткізу күнін және өткізу орнын белгілей отырып балабақшаның Интернет-ресурсында жариялансын;
5. конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды (электрондық немесе қағаз түрінде) қабылдау уақыты жэарияланған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізілсін;
6. кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне сұраныс жіберу жауапкершілігі әдіскер А.Б. Мажитоваға жүктелсін;
7. Кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныстырылсын;
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

| НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№ 86 «ЗИЯТКЕР» БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫН | ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-САД №86 «ЗИЯТКЕР» АКИМАТА ГОРОДА НУР-СУЛТАН |
|---|---|
| Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы<br>Е 12 көшесі, 4 ғим.тел:+7(7172) 40-35-46 | Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль,<br>Ул. Е 12, зд.4тел:+7(7172) 40-35-46 |

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«_____»_______ 202_ ж. № _____

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

**Конкурстыққомиссияны қалыптастыру туралы**

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығын орындау мақсатында **«БҰЙЫРАМЫН»:**

1. Конкурстық комиссия құрамы төмендегіше бекітілсін:
   Төрағасы - меңгеруші А.Ж.Нуркабылова
   Мүшелері:
   Білім беру жаңғырту орталығының әдіскері – Боранбаева Майра Сарсенхановна;
   Әдіскер – Мажитова Айнур Бергеновна;
   Әдіскер – Атакбаева Сымбат Мукажановна;
   Педагог-психолог – Исина Алтынай Кайроллаевна;

Конкурстық комиссияның хатшысы- Байгазина Калбике Орынбасаровна

2. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысының күні белгіленіп, хаттамамен ресімделіп, конкурстың нәтижелері балабақшаның Интернет-ресурсында жариялансын;
3. Конкурстық комиссияның отырыстары аудио-бейне жазбамен сүйемелденіп, Аудио-бейне жазбалар балабақшада бірінші отырыс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақталсын;
4. Комиссия кандидаттардың құжаттарын Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарасын;

**Меңгеруші А.Ж.Нуркабылова**

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамның міндетті тапсыруға тиіс құжаттар

**ТІЗБЕСІ( перечень)**

| р/с | Атауы | Бар екендігі | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | Конкурсқақатысутуралыөтініш | | |
| 2 | Жекебасынкуәландыратынқұжат не цифрлыққұжаттарсервисіненалынғанэлектрондықұжат (идентификация үшін) | | |
| 3 | Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекен жайымен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса) | | |
| 4 | Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері | | |
| 5 | Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса); | | |
| 6 | "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген). | | |
| 7 | Психоневрологиялықұйымнананықтама; | | |
| 8 | Наркологиялықұйымнананықтама; | | |
| 9 | Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болғанжағдайда) | | |
| 10 | 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы. | | |

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№ 86 «ЗИЯТКЕР» БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫН**

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-САД №86 «ЗИЯТКЕР» АКИМАТА ГОРОДА НУР-СУЛТАН**

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы
Е 12 көшесі, 4 ғим.тел:+7(7172) 40-35-46

Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль,
Ул. Е 12, зд.4тел:+7(7172) 40-35-46

Нұр-Сұлтан қаласының
Білім саласында сапаны
қамтамасыз ету департаменті
басшысының м.а.
Л.Р.Мылтыкбаеваға

**Сұраныс**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 86 «Зияткер» балабақшасының әкімшілігі педагогтың бос және (немесе) уақытша бос лауазымына кандидат Н.Ж.Сабированың педагогикалық әдебінің бұзылуы туралы ақпарат беруіңізді сұрайды

Қосымша: 1 бет (жеке куәлігі көшірмесі)

**Меңгеруші** **А.Ж.Нуркабылова**

Орындаған: А.Б.Мажитова
+77753759497

| НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№ 86 «ЗИЯТКЕР» БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫН | ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-САД №86 «ЗИЯТКЕР» АКИМАТА ГОРОДА НУР-СУЛТАН |
|---|---|
| Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы Е 12 көшесі, 4 ғим.тел:+7(7172) 40-35-46 | Казахстан, город Нур-Султан, район Есиль, Ул. Е 12, зд.4тел:+7(7172) 40-35-46 |

**Нұр-Сұлтанқаласы Білімбасқармасының басшысы Қ.Сенгазыевкқа**

**Сұраныс**

Нұр-Сұлтанқаласыәкімдігінің № 86 «Зияткер» балабақшасыныңпедагогтыңбосжәне (немесе) уақытшабослауазымына кандидат Н.Ж.Сабированың сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама беруіңізді сұрайды

Қосымша: 1 бет ( жеке куәлігі көшірмесі)

**Меңгеруші** **А.Ж.Нуркабылова**

Орындаған: А.Б.Мажитова
+77753759497

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 86 «Зияткер» балабақшасы МКҚК**

# ХАТТАМА

**Күні:**

**Қатысқаны:**

**Тақырыбы:Педагогтерді лауазымға тағайындау конкурстық комиссияның қорытынды отырысы.**

Күн тәртібінде: Конкурс қорытындысы бойынша кандидат ------ ( педагогтың аты-жөні) конкурстық комиссия жинаған балл негізінде, педагогты жұмысқа қабылдау шешімін шығару.

Комиссия төрағасы А.Ж.Нуркабылова- Конкурсқа қатысушы ________________ (аты-жөні) біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынды. Оған қоса Қағидалардың 107-тармағында көрсетілген құжаттарды тізімге сәйкес түгелдей тапсырды.

Әдіскер А.Б.Мажитова - кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілді, ешқандай заң бұзушылық анықталған жоқ.

Комиссия мүшесі М.С. Боранбаева - педагог ретінде жұмысқа қабылдауға кандидат --------------------- ( педагогтың аты-жөні) құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау жүргізілді, Конкурстық комиссия мүшелерімен бірге кандидат ------------------ ( педагогтың аты-жөні) құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеу жүзеге асырылды.

**Шешім:**жинаған балл негізінде кандидат -------- ( педагогтың аты жөні) конкурстан өтті деп есептелсін және балабақшаның меңгерушісіне педагог қызметіне тағайындауға ұсынылсын.

Комиссия мүшелері:Төрағасы - меңгеруші А.Ж.Нуркабылова __________
Мүшелері:Білім беру жаңғырту орталығының әдіскері – Б. М. Сарсенхановна___
Әдіскер – Мажитова Айнур Бергеновна

Әдіскер – Атакбаева Сымбат Мукажановна
Педагог-психолог – Исина Алтынай Кайроллаевна
Конкурстық комиссияның хатшысы- Байгазина Калбике Орынбасаровна

Екінші шешім: Әңгімелесуге қатысқан, бірақ тағайындауға ұсынылмаған кандидаттарды конкурстық комиссия кадр резервіне қою ұсынылсын.

**Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы**
**Аты - жөні**

| № | Өлшемшарттар | Растайтынқұжат | Балл саны<br>(1-ден 20-ға дейін) | Балы |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Білім деңгейі | Білімі туралы диплом | Техникалық және кәсіптік = 1<br>Жоғары күндізгі = 5<br>Жоғары сырттай / қашықтықтан оқыту = 2<br>Жоғары білім туралы үздік диплом = 7 | |
| 2. | Ғылым/академиялық дәрежесі | Білімі туралы диплом | Магистр немесе жоғары білімі бар маман = 5<br>PHD-докторы = 10<br>Ғылымдокторы = 10<br>Ғылым кандидаты = 10 | |
| 3 | Ұлттық біліктілік тестілеуі | Сертификат | "Педагог" біліктілік санатымен<br>Мазмұны бойынша:<br>50-ден 60-қа дейін = 0 балл<br>60-тан 70-ке дейін = 2 балл<br>70-тен 80-ге дейін = 5 балл<br>80-нен 90-ға дейін = 6 балл<br>Әдістеме және педагогика бойынша:<br>30-дан 40-қа дейін = 0 балл<br>40-тан 50-ге дейін = 1 балл<br>50-ден 60-қа дейін = 2 балл<br>60-тан 70-ке дейін = 3 балл<br>"Педагог-модератор" біліктілік санатымен<br>Мазмұны бойынша: | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 50-ден 60 балғадейін = 0 балл<br>60-тан 70 балғадейін = 3 балл<br>70-тен 80 балғадейін=6 балл<br>80-ден 90 балғадейін=7 балл<br>Әдістеме және педагогика бойынша:<br>30-дан 40 балғадейін=0 балл<br>40-тан 50 балғадейін=2 балл<br>50-ден 60 балғадейін=3 балл<br>60-тан 70 балғадейін=4 балл<br>"Педагог-сарапшы" біліктілік санатымен<br>Мазмұны бойынша:<br>50-ден 60 балғадейін=0 балл<br>60-тан 70 балғадейін=4 балл<br>70-тен 80 балғадейін=7 балл<br>80-нен 90 балғадейін=8 балл<br>Әдістеме және педагогика бойынша:<br>30-дан 40 балғадейін=0 балл<br>40-тан 50 балғадейін=3 балл<br>50-ден 60 балғадейін=4 балл<br>60-тан 70 балғадейін=5 балл<br>"Педагог-зерттеуші" біліктілік санатымен<br>Мазмұны бойынша:<br>50-ден 60 балғадейін=0 балл<br>60-тан 70 балғадейін- 5 балл<br>70-тен 80 балғадейін=8 балл<br>80-нен 90 балғадейін=9 балл<br>Әдістеме және педагогика бойынша:<br>30-дан 40 балғадейін=0 балл<br>40 - тан 50 балғадейін=4 балл<br>50-ден 60 балғадейін=5 балл<br>60-тан 70 балғадейін=6 балл<br>"Педагог-шебер" біліктілік санатымен - 10 балл | |
| 4. | Біліктілігі/Санаты. | Куәлік, өзгедеқұжат | 2 санат-1 балл<br>1 санат -2 балл<br>Жоғары санатты-3 балл<br>Педагог-модератор-3 балл<br>Педагог-сарапшы = 5 балл<br>Педагог- зерттеуші = 7 балл<br>Педагог-шебер = 10 балл | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. | Педагогикалық қызмет өтілі | Еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат | 1 жылдан 3 жылғадейін = 1<br>3 жылдан 5 жылғадейін = 1,5<br>5 жылдан 10 жылғадейін = 2<br>10 жылданжәнеоданартық = 3 | |
| 6. | Әкімшілік және әдістемелік қызмет тәжірибесі | Еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат | әдіскер= 1 балл<br>директор орынбасары= 3 балл<br>директор = 5 балл | |
| 7. | Жұмысқа алғаш кірісken педагогтар үшін | Білім туралы дипломға қосымша | Педагогикалық/кәсіптік практика нәтижелері<br>"өтежақсы" = 1 балл<br>"жақсы" = 0,5 балл | |
| 8. | Алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныс хат (еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде) | Хат | Оң ұсыныс хаттың болуы = 3 балл<br>Ұсыныс хат болмаған жағдайда – минус 3 балл<br>Теріс ұсыныс хаттың болуы = минус 5 балл | |
| 9. | Кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері | - білім алушылардың дипломдары, олимпиадалармен конкурстар жеңімпаздарының грамоталары, ғылыми жобалары;<br>- мұғалімдер мен олимпиадалар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары;<br>- мемлекеттік награда | олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-0,5 балл<br>ғылыми жобалар-1 балл<br>олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-3 балл<br>"Үздік педагог" конкурсының қатысушысы-1 балл<br>"Үздік педагог" конкурсыныңжүлдегері – 5 балл<br>медаль "Қазақстанныңеңбексіңіргенұстазы" - 10 | |
| 10. | Әдістемелік қызмет | - авторлық жұмыстар және жарияланымдар | ҚР БҒМ тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы – 5 балл<br>РОӘК – 2 тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы<br>БҒССҚЕК, Scopus – 3 тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы | |
| 11 | Қоғамдық-педагогикалық қызмет | - көшбасшылық<br>- көптілділікті жүзеге асыру | тәлімгер-0,5 балл<br>ӘБ жетекшілігі -1 балл<br>кәсіби-педагогикалыққауымдастық көшбасшысы – 1 балл<br>2 тілде оқыту, орыс/қазақ – 2 балл | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Шетел/орыс, шетел/қазақ – 3 балл<br>3 тілде оқыту (қазақ, орыс, шетел) – 5 балл | |
| 12 | Курстық дайындық | - пәндік дайындық сертификаттары;<br>- цифрлық сауаттылық сертификаты,<br>ҚАЗТЕСТ,<br>IELTS;<br>TOEFL;<br>DELF;<br>Goethe Zertifikat, "Python-да бағдарламалау негіздері", "Microsoft-пен жұмыс істеуді оқыту" бағдарламалары бойынша оқыту | НЗМ ПШО, "Өрлеу" курстары – 0,5 балл<br>курстар - 0,5 балл (әрқайсысы жеке) | |
| **Барлығы:** | | | **Максималдыбалл – 83** | |

Комиссия мүшелері: Төрағасы - меңгеруші А.Ж.Нуркабылова

________________________________________

Мүшелері:

Білім беру жаңғырту орталығының әдіскері – Боранбаева Майра Сарсенхановна____________________________

Әдіскер – Мажитова Айнур Бергеновна;

Әдіскер – Атакбаева Сымбат Мукажановна;

Педагог-психолог – Исина Алтынай Кайроллаевна;

Конкурстық комиссияның хатшысы- Байгазина Калбике Орынбасаровна

Құжаттарды қабылдау туралы қолхат (қағаз түрінде берілген жағдайда)

____________________________________________________________

/көрсетілетін қызметті алушының Т. А. Ә. (болғанжағдайда) көрсету

____________________________________________________________

/көрсетілетін қызметті берушінің атауын көрсету/

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау конкурсына қатысу үшін қабылданған құжаттардың тізбесі

Керегінің астын сызу керек

1.____________________________________________________________
2.____________________________________________________________
3.____________________________________________________________
4.____________________________________________________________
5.____________________________________________________________
6.____________________________________________________________

Қабылдады:__________________________________________"__"_____20__жыл

____________________________________________________________

(Орындаушының Т. А. Ә. (болған жағдайда) (қолы, байланыс телефоны)

**Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау құжаттарының**

**ОПИСІ**

| р/с | Мазмұны | Түрі | |
|---|---|---|---|
| 1 | Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 35) тармақшасына<br>2)Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы. | НПА (қазақша, орысша) | + |
| 2 | Педагогтерді лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының ЕРЕЖЕСІ | Ереже | + |
| 3 | Педагогтың бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын өткізу, ұйымдастыру | Іс-шара жоспары | + |
| 4 | Босаған педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына сұраныс дайындау ( шаблон) | Сұраныс | + |
| 5 | Конкурсты ұйымдастыру тәртібін, құжаттар тізімдемесін, лауазымдық нұсқаулықты балабақшаның Интернет-ресурсында жариялау хабарландыр ретінде жариялануы | Хабарландыру | + |
| 6 | Конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру | Бұйрықшығару | + |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Педагогтың бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын өткізуі **Қызмет көрсету бұрышы** | Құжаттардың көшірмесін Ақпарат ретінде ілу | + |
| 8 | Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамның хабарландыруда көрсетілген құжаттарын қабылдау кестесі | 107Кесте | |
| 9 | Конкурстық комиссияның құрамына олармен келісім бойынша басқа білім беру ұйымдарының өкілдерін енгізуге және жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтерді анықтау сұраныс хат | Сұраныс хат Шаблондары | + |
| 10 | Конкурстың қорытынды нәтижелерінің хаттамасын балабақшаның Интернет-ресурсында жариялануы | Хаттама шаблоны | |
| 11 | Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы | 107/10 Бағалау парағын толтыру | |
| 12 | Конкурстық комиссияның отырыстарының аудио-бейне жазбалары | 105 аудио-бейне жазбаларды сүйемелдеу, сақтау | |
| 13 | Балабақшаның педагогтерін босатуды Білім басқармасымен келісе отырып жүзеге асыру | 133. Хат шаблоны | |